

Қарағанды Мемлекттік Медициналық Университеті

Тақырыбы: Жәндіктердің шағуы
кезіндегі жедел жәрдем
негіздері



Орындаған: Кадыркуолов Б.Х

Топ: ЖМ 5057гр

Жоспар:

Кіріспе:

Негізгі бөлім:

- Улы жәндіктер
- Жәндіктер шақандағы белгілер
- Көрсетілетін алғашқы көмек

Біздің жер шарымызда төрт миллиардтай адам өмір сүреді. Ал жәндіктер – одан да көп. Егер адамдар мен жануарлар олардан сақтанбаса, көп ұзамай жер бетінде тек жәндіктер қалған болар еді. Жәндіктердің шағуынан төмендегідей әдістер арқылы сақтану керек.

1. Егер масасы көп ашық аспан астында түнеуге тура келсе, арнайы маса шағуына қарсы күркешікте ұйықтаған абзал.
2. Жәндіктер тамақтың иісіне жиналады, сондықтан да далада тамақ пісіргенде немесе тамақтанған кезде ішінде тамағы бар қазан, шелектердің қақпағын, жуынды қақпағын тығыздап жауып ұстау қажет.
3. Бау-бақшада жұмыс істеп жүрген кезде байқаусызда құмырсқа, сона не араның ұясын бұзып кетуіңіз мүмкін.
4. Иіс су, шашқа арналған лак, иіс май сынды порферлік иіс жәндіктерді өзіне тартады.
5. Жәндіктер бар жерлермен жалаң аяқ жүрген кезде аяғыңды шағып алуы мүмкін екенін есте сақта.
6. Егер өлтіре алмайтыныңды біле тұра сона, ара сияқты жәндіктерді қуалама. Себебі көбінесе оларды өз еркіне жіберген дұрыс.
7. Жәндіктерге аллергиясы бар балалар олармен абай болғаны абзал.

Инсекттік аллергия жәндіктердің шағуына деген әсіре (гипер) сезімталдық болып табылады. Оның себебіне қан сорушы және жарғақ қанатты жәндіктердің шағуы (аралар, жабайы аралар, масалар мен басқалары) жатады.

Инсекттік аллергияның негізін иммундық патологиялық реакцияларда жанама әсер ететін IgE құрайды. Оның туындауына тектік бейімділік ықпал жасайды.

Инсекттік аллергияның барынша жиі білінісі шағу орынында 15-20 минуттен соң гиперемияның, ауырудың, ісінудің пайда болуы. Оның таралып жайылумен және температураның көтерілуімен, қалтырап-дірілдеумен, лимфаденитпен бірге өтуі мүмкін. Бір мезгілде қышу, бөртпе пайда болады. Кейбір жағдайларда бір жәндіктің шағуынан дененің бар бөлігінің қышып, крапивница, бет, қол, көмей ісінуі пайда болып, тегіс бұлшықет, бронхтар спазмы туындап, тұншығу ұстамасының, құсудың, іштегі ауырудың, іш өтуінің пайда болуы ықтимал.



Жәндіктердің уына жоғары сезімталдығы (сенсублизациясы) бар балаларда анафилактикалық талықсудың (шоктың) даму қауіпі болады. Көп жәндік шаққанда анық білінетін геморрагиялық синдром мен коллапс туындайды.

Алғашқы көмек

- ара, жабайы ара шаққанда жарадан оның тұмсығын алып тастау;
- ішуге антигистаминдік препараттар (пипольфен, супрастин, тавегил) беру;
- шағу орынын 1-1000 қатынасындағы ерітілген калий перманганатының сұйықтығымен өңдеу;
- жүйелі түрдегі анық байқалатын аллергиясы бар балаларға адреналинді, антигистаминдік препараттарды бұлшық етке енгізу, ауыр жағдайларда гормондарды – глюкокостериоидтарды (преднизолон, гидрокортизон) қолдану;
- қажет жағдайларда синдром бойынша терапия жүргізу керек.



Егер сені жәндік шағып алса, міндетті түрде мынадай шараларды қолданғаның дұрыс:

1. Шағып алған жердің салбырап тұрған жерін алып тастау керек.
2. Егер шағып алынған жер ісіп кетсе, ал баланың аллергияға бейімділігі бар болса, ісіп тұрған жерге бұрау салып, міндетті түрде дәрігерге қарату керек.
3. Денеге өрмелеп шығатын кене сияқты ненесе одан басқа жәндіктер шағып алған кезде ауырған жерді сумен сабындап жуып, скипидар тамызу керек. Бұдан жәндік не өледі, не болмаса сыртқа өрмелеп шығады. Ара немесе сона әлі өлеген болса, өлмес өлтіру үшін шағылған жерге вазелин жағып қою керек.



4. Шағып алған жерді пияздың не сарымсақтың сөлімен сүртсе, ісік азайып, қышу қояды. Шағылған жерді керосинмен де сүртуге болады.

5. Жәндіктің шаққан жерінің қышуын басу үшін дәрігерлер ешқашан антигистаминді препараттарды қолдануға кеңес бермейді.





6. Қандай жәндік шақса да, шаққан жерді қасуға болмайды. Қаншалықты қасысаң, қанға соншалықты у түседі. Сонымен қатар қасыған кезде жараға инфекция түседі.

7. Көп жағдайларда жәндіктердің шағуы соншалықты қауіпті емес. Жәндіктердің кейбіреулері шақпайтын болса да, адамдарға зиян келтіреді. Мысалы қарапайым маса – ішек-асқазан ауруларының таратушылары болып табылады, сондықтан өз денсаулығымызды сақтау үшін тамақтарды масаларан қорғауымыз қажет. Далада жәндіктер көп болса, ас үйдің терезесі торсыз болса, оны жауып қойған дұрыс. Және тамақ ішкен соң азық-түлікті жинастырып, ыдыстарды жуып қою керек



Әр нәрсенің екі жағы болатыны секілді, жадыраған жаздың да бізге тигізер жағымсыз әсерлері бар. Ол заңдылық. Әсіресе, *табиғат аясына серуенге шыққан кезде, денсаулығыңызға аса абай болыңыз.* Жып-жылы жаздың қауіпті тұсы - улы жәндіктер.


Улы жәндіктер тістеп алса, көбіне терінің ісініп, басылуымен шектеледі. Маса асқазан ауруларын таратушы, сондықтан, масаның тамаққа қонбауын қадағалаңыз. Ал аса улы жәндіктердің шағуы орны толмас өкінішті жағдайларға әкеп соғуы әбден мүмкін.

**СОНДЫҚТАН,
ДЕМАЛЫСҚА ТАБИҒАТ
АЯСЫНА БАРА ЖАТҚАНДА,
МЫНА КЕҢЕСТЕРДІ
ЖАДЫҢЫЗДА ЖАТТАЙ
ЖҮРІҢІЗ.**



Шөпте жалаң аяқ не ашық аяқ киіммен жүру қауіпті. Міндетті түрде жабық аяқ киім киіп алыңыз.

Косметикалық құралдардың тәтті иісі әсіресе, араны еліктіреді, сондықтан саяхатқа шыққанда косметиканы қолданбауға тырысыңыз.



Ұзын шашты қалпақтың астына жасырып не мүлдем жинап түйіп тастаған дұрыс, себебі, шашқа қонған жәндіктер денсаулығыңызға әлдебір зақым келтіруі мүмкін.



Табиғат аясында тамақ ішіп болған соң, дереу орнын тып-типыл ғып жинап, қораптарға буып-түйіп тастаған дұрыс. Ал тамақ пісіріп жатқанда, қазанның қақпағын мұқият тығыздап жабыңыз.

Шыбын-шіркей үймелеп тұрған жерге кезігіп қалсаңыз, ақырын ғана жандарынын өтіп кетіңіз. Жәндіктерден сақтандыратын қорғағыш құралдар алып шығыңыз.



Сонаның, араның шағуы. Сонаның, араның шағуы қатты ауыртады және ине сұғып алғандай сезінеді. Шаққан жер күрт күлбірейді, алайда организмге жалпы әсері елеусіздеу: аратұра бас ауырады, жүрек айнаиды, қалтырауды сезінеді.

Алғашқы көмек. жедел көмекті шақыру; ол келгенге дейін терідегі ара біздерін (сона бізгек қалдырмайды) оны үлкен саусақтың тырнағымен қыса отырып, алып тастау керек; бұдан кейін жараға суық компресс қою немесе оған антигистаминдік май жағу; адамды аяғы оның басынан биік болатындай етіп жатқызу (жастықты, бүктелген киімді және т.б. қоюға болады); оның дем алуын жеңілдету (белбеуді, жағаны ағыту) және оны бір бүйірмен жатқызу (құсатын болса); зардап шегушіге көрпе жабу; оған су мен тамақ бермеу, темекі тартқызбау; есінен танған немесе құса бастаған жағдайда оның жақсы дем алу үшін етпетінен жатқызу керек.

Жәндіктер шағып алса...



Жыланның шағуы. Жыланның шағуының әкелер зардабы да өте ауыр. Сондықтан жылан мекендейтін жерлерге барардың алдында ең алдымен жабық аяқ киімді, ең жақсысы етікті киген жөн. Жыланның шағуынан зардап шегуші жағдайының ауырлығы оның түріне байланысты. Қазақстанда сұр жылан, оқ жылан, сарыбас жылан кездеседі.

Алғашқы көмек. Шаққан жердің уын ауызбен жедел сорып тастау керек. Мұны зардап шегушінің өзі немесе оның серіктерінің бірі жасай алады. Ауыз қуысында жара болмау керек, өйткені у солар арқылы қанға түсуі мүмкін. Егер уды өз уақытында сорып тастаса, зардап шегушінің улану деңгейі әлсіреп, жылдам сауыға бастайды.



Кененің кіруі. Кенеден дұрыс киілген киім қорғай алады, оның барлық ашық жері түймеленіп, қымталуы тиіс.

Кененің шаққаны білінбейді: ол жараға ауыртпайтын затты сіңіреді. Сондықтан кене бірден байқалмайды. Кене көп жағдайда қолтықтың астын, мойынды, құлақтың ішін, шапты сорады. Басқа жерлерді де шағуы мүмкін.


Алғашқы көмек: Қанды сорған кенені қысуға немесе қатты сілкуге болмайды. Бұл тек энцефалитпен зақымдануды күшейтеді. Ең алдымен кене мен терінің төңірегіне май немесе сұйық май құйып, сөлден соң ұшына дәкі байланған пинцетпен немесе саусақпен ұстап, оны теріден баяу қозғалыспен алып тастау қажет. Басқа жағдайда кененің басы терімен түйіскен жерде жіпті ілгекпен байланады. Жіптің ұшын тартқанда оның ілгегі кенені ақырындап тартып шығарады. Кенені алғаннан кейін шаққан жерінен қолды залалсыздандыру қажет.



Қарақұрттың шағуы.

Қарақұрттың ұрғашысы ғана улы болады.

Алғашқы көмек. Марганецтік калий ерітіндісімен шайылған суық баспаны шаққан жерге қояды, зардап шегушіге көп су, физиологиялық ерітінді, жүрек дәрі-дәрмектерін береді. Жедел көмекті шақырады, немесе оны қарақұртқа қарсы сары су егетін емдеу мекемесіне жеткізеді. Емдеу дәрігердің тағайындауы бойынша жүргізіледі.



Шаяндардың шағуы.

Шаяндардың шағуы Қазақстанның оңтүстік аудандарында жиі кездеседі.

Алғашқы көмек: шаққан жерге кез-келген өсімдік майын жағу; шаққан жерге ыстық қыздырғыш кою; анальгин мен антигистаминдік дәрі-дәрмектер ішу (супрастин, димедрол, пипольфен); зардап шегушінің жағдайын кәсіби бағалау және соған байланысты сырқатты жазу мен жалпы улануды емдеу шараларын таңдау қажеттігінен жедел дәрігер шақыру.



Өрмекшінің, бүйеннің, сколопендрдің шағуы.

Өрмекшінің, бүйеннің, сколопендрдің шағуы қауіпсіз, алайда олардың шағуы қатты сырқыратады, шаққан жер ісінеді, алайда олар теріден өтіп, улы бездерін енгізе алмайды.

Алғашқы көмек. Шаққан жерге марганец қышқылды калийдің, мүсәтір спиртінің немесе магний сульфатының ерітіндісімен шайылған суық баспа қояды.



ШАҒУ КЕЗІНДЕГІ БЕЛГІЛЕРІ

Улы жыландар мен жәндіктердің шағуы кезінде бастың айналуы, жүректің айнуы, құсуы, ауыздың құрғауы мен ащы дәм, тамырдың, жүректің соғу жиіленеді, ентігу мен демалудың тоқтауы пайда болады. Аса ауыр жағдайларда буындардың тартылуы, есін жоғалту, дем алудың тоқтауы байқалады. Шағылған жерде қатты ауыру пайда болады, тері қызарады, іседі.



ШАҒУ КЕЗІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Шаққан кезде мынадай көмек көрсетіледі. Зардап шеккенді удың тарқауын бәсеңдету үшін жатқызу қажет. Шағылған қолға немесе аяққа тыныштық жасап, оған таңғыш қалақты, тақтайды, таяқты және сол сияқты заттарды таңу керек, егер мұндай заттар қол астында болмаса қолды – денеге, аяқты – екінші сау аяққа бинтпен байланады. Шаққан жердің жанындағы ісік үлкейетін болғандықтан таңғышты, оның денені ойып тастамауы үшін уақыт өте босатып отыру қажет. Тек кобра шаққан кездің алғашқы минуттарында бұраманы немесе орап бұрағышты шаққан орыннан жоғары жерге салады.





Зардап шегушіге көп мөлшерде су (ыстық шай берген жөн), (жарты стакан суға) шүйіншөп тұнбасының 15-20 тамшысын ішкізеді.

Ешқашан шаққан орынды күйдіруге, тілуге, зақымданған қолға немесе аяққа бұрама салуға, зардап шеккенге алкоголь беруге, уды сорып алуға және тағы басқа әрекеттерді жасауға болмайды. Зардап шеккен емдік мекемеге жіберіледі. Оны жатқан қалпында тасымалдайды.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ !!!